

способности в 2 раза. Кроме того, будет реконструирован ряд региональных аэропортов.

Однако транспортная отрасль Казахстана все еще нуждается в решении многих серьезных проблем. Одна из них – аварийное состояние 65% автомобильных дорог. Всего 14% дорог республики находятся в рабочем состоянии и не требуют срочного ремонта. Основные трассы, по которым идет транспортный поток не обладают необходимой инфраструктурой для отдыха водителей и ремонта автомобилей.

Предстоит еще решить много проблем, связанных с обновлением и расширением подвижного состава, как автомобильного, так и железнодорожного, наладить эффективный контроль над транспортными средствами.

Литература:

1 Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»» - Астана. - 2012. - 14 декабря. www.government.kz

2 Государственная программа «Нұрлы жол». www.government.kz

3 Государственная программа развития транспортной инфраструктуры до 2020 www.government.kz

Шарзадин А.М.

п.ғ.к., доцент, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

Төребай Ж.М.

2 курс, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

**«ТЕХНОЛОГИЯ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ
ЗАМАНҒЫ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ҚОҒАМДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақстан Республикасының білім беру саласы динамикалық жүйе ретінде үнемі даму үстінде. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев егемен елдің болашағы-білімді ұрпақтың қолында екендігін айта

отырып, осы саланың дамуының негізгі бағыттарын айқындады.
[1]

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңда көрсетілгендей, білім беру жүйесінің негізгі міндеттері жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білімге негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту, білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясы, білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын қамтамасыз ету, жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету болып табылады. [2]

Білім беру саласының «Технология» пәнін сапалы оқыту мәселесі тек қана кәсіби оқыту маманын дайындаумен ғана емес, сонымен қатар алған білімді басқа жоғары оқу орындарында, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде және өмірде қолдануға мүмкіндік берумен байланысты. С.Я.Батышев, А.П.Сейтешов, Б.К.Момынбаев, К.А.Дүйсенбаев, В.В.Егоров, Л.А.Шкутина, С.М.Мәлібекова, Г.Ш.Әлназарова, Н.Б.Рахметова, тағы басқалардың зерттеулерінде кәсіби оқыту мамандығы студенттерін даярлаудың әр қырлары ашылған.[3]

«Технология» білім беру саласы қазіргі заманғы мектептегі оқушылардың қоғамдағы осы ерекшеліктерін ескере отырып, жеке өмірдегі еңбекке даярлауға бағытталған.

Технологиялық білім берудің дидактикасында технологияның толық мағынасы ретінде адамның қайта білім алу әрекеті жатыр, ол тек материалдық өндірумен байланысты ғана еңбек емес.

«Технология» білім беру саласының қалыптасуына байланысты қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім беруде кәсіби оқыту мұғалімдерін даярлауда нақты бір қадамдар жасалып жатыр. Бұл, біріншіден, жалпы білім беретін мектептердегі оқытылатын технологиялардың артуына байланысты. Екіншіден, мектепте графика, көліктік және тұрмыстық техника, құрылыс пен жөндеу-жабдықтау жұмыстарымен байланысты.

«Технология» ұғымы техникалық прогреспен байланысты. Сөздіктерде «технологияға» (гректің techne- өнер, шеберлік және logos-ілім) «шикізатты, материалдарды алу, өңдеу және қайта жасау тәсілдерінің жиынтығы» деген анықтама берілген. [4]

Кәсіби оқыту педагогының негізгі құзыреттілігіне мынадай талаптар қойылады.

Ұғымы болуы тиіс:

-білім беру мәдениеті ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді қамтамасыз етуші әлеуметтік-мәдени іс-тәжірибенің ерекше аумағы ретінде;

-Көп деңгейлі білім берудің ұлттық жүйесін модернизациялау туралы ҚР дамуының 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспарының басымдығы негізінде адам ресурстарын дайындау сапасын арттыруға көп деңгейлі білім берудің ұлттық жүйесін модернизациялау туралы толық ұғымды меңгеру;

-дара тұлға мен қоғам қажеттілігін қанағаттандыруы.

Білуі тиіс:

-оқу барысында компьютерлік және оргтехниканы пайдалану икемділігі;

-оқу-тәрбие үрдісінде қазіргі педагогикалық технологияларды қолдану дағдысы;

-қазіргі технологиялық жабдықтарды тұтынуда 2 разрядты жұмысшы біліктілігі деңгейіндегі дағдыларды;

-психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар ғылыми негіздерін;

-қазіргі өндірістің, конструкциялық материалдардың, еңбек қарулары мен құралдарының, өндіріс үрдісінің негіздерін;

-білім беру, өндірістік мекемелердегі және қызмет көрсету саласындағы экономика және кәсіпкерлік, маркетинг, менеджмент негіздерін;

-оқу шеберханаларын жарықтандыру талаптарын;

Құзыретті болуы тиіс:

-Кәсіби педагогикада, өндіріс аймақтарында, мамандану саласы бойынша;

- Білім беру үрдісін басқару аймағында;

- Білім беру мен өндіріс салаларында ақпараттық технологияларды қолдану бойынша. [5]

Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін отандық ғалымдар кәсіптік оқыту мамандығы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жасау мүмкіндігіне ие болды.

«Кәсіптік оқыту» мамандығының кәсіптік қызмет орны:

- Бастауыш, ортаңғы және қосымша кәсіптік оқыту мекемелерінде және өндірісте кәсіптік оқыту;
- оқыту процесстерінің және құрылымдарының ғылыми зерттеулері;
- сәйкес саладағы техника және технология мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер;
- ғылыми-өндірістік және кеңестік-басқару қызмет оқу өрісінде және өндірісте сәйкес мамандандыру;
- мәдени-ағартушылық қызмет.

Қазақстан экономикасындағы трансформациялық үрдістеріндегі өзгерістер әрдайым жоғары білікті мамандарды даярлауды талап етеді. Сондықтан да кәсіптік оқыту педагогтарына деген сұраныс жоғары және бірқалыпты. Кәсіптік оқыту педагогы өзінің мамандық аясында мамандықтар бойынша даярлық жасайды:

- кәсіптік білім беру ұйымдарында;
- ұйымдардың, өндірістің және фирмалардың кадрды басқару жүйесінде;
- Кәсіптік қайта даярлау, біліктілікті жоғарлату және қосымша білім беру сферасында.[6]

«Технология» білім беру саласы қазіргі заманғы мектептегі оқушылардың қоғамдағы осы ерекшеліктерін ескере отырып жеке өмірдегі еңбекке даярлауға бағытталған.

Технологиялық білім берудің дидактикасында технологияның толық мағынасы ретінде адамның қайта білім алу әрекеті жатыр, ол тек материалдық өндірумен байланысты ғана еңбек емес. Сондықтан «Технология» жаратылыстану пәні білімдерін синтездейтін және оны адам әрекетіндегі барлық жақтарын қолдануға мүмкіндік беретін интегративті пән болуы керек.

Технологиялық дайындықтың осы пәндермен өзара байланысы студенттерде қызығушылық тудырады, яғни олар бір-біріне елеулі түрде әсер етеді және зерттеу нысандары ортақ.

Оған пәндердің бағдарламасын салыстыра отырып көз жеткізуге болады.[7]

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030.- Алматы: Білім, 2001.- 93б.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан.-2007. – 15 тамыз. -3-4 б.
3. Самарин Ю.А. Очерки психологии ума. Особенности умственной деятельности школьников. – М.: АПН РСФСР,1962.
4. «Вестник» Педагогика сериясы №3(55) 2009ж. 56 б.
5. ҚР МЖМБС Кәсіптік білім мамандығы.- Астана,2005. – 28 б.
6. Аганина Қ.Ж. Оқушыларға экономикалық білім берудің дидактикалық негіздері: п.ғ.д. ... дис. автореф. - Алматы, 2004. - 46 б.
7. Анцибор М.М. Активизация учебно-познавательной деятельности студентов при изучении дисциплин педагогического цикла. – М.: Прометей, 1989. – 238 с.

*Смагулов Ж.К.
ф-м. ғ.к., ҚарМУ профессоры,
академик Е.А Бөкетов атындағы ҚарМУ
Алдаберген І.Е.
2 курс магистранты,
академик Е.А Бөкетов атындағы ҚарМУ*

САТПАЕВ ҚАЛАСЫН СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІН ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.

Қазақстан Республикасында 2020 жылға дейін тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық модернизациясы бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама өңдеу мен коммуналдық инфрақұрылым модернизациясын жүргізу үшін шаралар қабылдауды қарастырады.Бағдарлама барысында 81 мың инженерлік желілер қалпына келтіріліп, 50 %-ға дейінгі коммуникациялар жаңартуға тиісті болады. Сатпаев қаласында желілердің тозуы 80%- ды